

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2003 жылғы 27 желтоқсандағы "Селолық елді мекендері зоналарының шекараларын және жер учаскелері құнының базалық ставкаларына түзету коэффициентін бекіту туралы" N 3-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 тамыздағы N 21-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қыркүйекте N 7-13-110 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7-баптарына сәйкес Шыңғырлау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Селолық елді мекендері зоналарының шекараларын және жер учаскелері құнының базалық ставкаларына түзету коэффициентін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 3-2 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2450 тіркелген, 2004 жылғы 14 ақпандағы "Серпін" газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Шешімінің кіріспесі мынадай редакцияда жазалсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Жер кодексі" кодексінің 9 бабының 3 тармағына, 11 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**".

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Аудандық мәслихат хатшысы